

## Мақаланы кеңінен талқыладық



Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы ҚР ІІМ Ш. Қабылбаев атындағы Қостанай академиясында талқыланды.

2017 жылғы 17 сәуір күні Академияның акт залында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы аясында дөңгелек үстел өткізілді. Бұл қызықты кездесуді ұйымдастыруға жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру институты мұрындық болды.

Елбасының мақаласында көтерілген негізгі мәселелер магистранттардың қызығушылығын



тудырып, қолдау тапты, қоғамда қызу талқыға ие болды.

Президенттің бастамасын қолдай отырып, магистратура жоғары оқу орнымыздың таңдаулы бөлінісі болып табылатындықтан, мақалада көрсетілген келесі міндеттерді: ағылшын тілін және инновациялық технологияларды енгізу, төл мәдениетімізді өркендету, ұлттық құндылықтарымызды

нығайту, рухани бай жас ұрпақты тәрбиелеуге ықпал ететініне толықтай сенім білдіріп отыр.

Мақала ұлтжанды жастарымызды тәрбиелеуде өз септігін тигізетініне зор сенім білдіреміз.

**Г. ҚОЖАБАЕВА,**  
ҚР ІІМ Академиясының  
ЖООКББИ бастығы  
полиция майоры

## Әскерилердің сыбайлас жемқорлығы аса қауіпті

Соңғы кездері әскери қызметшілердің офицерлік құрамының арасынан әскери қызметті атқару кезеңінде сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаушылықтары орын алып келеді.

Атап айтқанда, капитан Д.Коровин әскери қызметін Қостанай қаласының Қорғаныс істері жөніндегі басқармасында әскерге шақыру және келісім шарт бойынша әскери қызметшілерді қабылдау бөлімінің бастығы лауазымында өткере жүріп, лауазымды тұлға ретінде өзінің қызметтік бабын пайдалану арқылы алдау жолымен біреудің мүлкін ұрлау мақсатымен залымдық жасады.

Қостанай гарнизоны әскери сотының үкімімен ҚР Қылмыстық кодексінің 190-б. 3-бөлімінің 2-тармағы бойынша Коровин «капитан» әскери атағынан, мемлекеттік қызметінде лауазымдарға тұру құқығынан айыру, мүлкін тәркілеуімен 9 544 500 теңге көлемінде айыппұл салына отырып, өз қызметтік жағдайын пайдаланып алаяқтық жасағаны үшін сотталды.

Үкім шығарар кезде Коровин сот тағайындаған соманы төлеуден бас тартқанына байланысты, сот орындаушысының ұсынысы бойынша, айыппұл жалпы тәртіптегі түзеу

колониясында өткізумен 3 жыл бас бостандығынан айыруға ауыстырылды.

Мына бір оқиға да назар аударарлық. Майор К.Темірболатов ҚР ҰГ 6697 ә/б әскери қызметін жауынгерлік дайындық бөлімшесінің бастығы лауазымын өткеріп жүрген кезінде 2016 жылдың желтоқсан айында осы бөлімге әскери қызметке келісімшарт бойынша жақында ауысып келген әскери қызметші ефрейтор С.-дан ақылы екінші класстық біліктілігін иеленуге жәрдем көрсету және қызмет бойынша жалпы қамқорлық, қолдаушылық көрсету үшін қорқытып алу жолымен 150 000 теңге сомасында пара талап етті. Пара талап ете отырып, С.-ның заңды мүддесіне зиян келтіретіндей әрекет жасаумен ұштасатындығын бопсалады, атап айтқанда Құсмұрын кентіне бұрынғы қызмет орнына қайтарып жіберетіндігімен және қызмет бойынша басқа да кедергілер жасайтындығын білдірді.

2016 жылғы 9 желтоқсанда сағат 21 шамасында Қостанай қ. № 8 шағын аудан, № 1 тұрғын үй подвезінің екінші қабатындағы баспалдақ алаңында Темірболатовтың жеке өзі 150 000 теңге сомасында пара алды, содан кейін оны Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет қызметкерлері қылмыс үстінде ұстады.

Қостанай гарнизоны әскери сотының 2017 жылдың 16 қаңтарындағы үкімімен майор К.Темірболатов қорқытып алу жолымен пара алуда кінәлі деп танылды және ҚР ҚК 366-б. 3-б. 1-т. бойынша өмір бойы мемлекеттік қызметте лауазым атқару құқысынан айыру және мүлкін тәркілеуімен 10 жарым миллион теңге сомасында айыппұл салу және «майор» деген әскери атағынан айыру жазалары тағайындалды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес ҚР Президенті Н.Назарбаевтың белгілеп берген мемлекеттік саясаттың басты бағыттарының бірі болып табылады. Елбасы «100 нақты қадам» Ұлт жоспарында осынау қауіпті құбылыспен күресті күшейтуді мемлекеттің басымдылықтарының бірі ретінде айқындап берген.

Әскердегі сыбайлас жемқорлық – ол тек мемлекеттің тұтастығына, оның ұлттық қауіпсіздігіне ғана төнетін қауіп емес. Сыбайлас жемқорлық қызметтің өткерілу жағдайын, әскери дайындық деңгейін нашарлатып, әлімжеттікке алып келеді. Мұның барлығы әскердің және әскери кәсіптің абыройына нұқсан келтіреді.

**Б. АКРЕМЖАНОВА,**  
Қостанай гарнизоны  
әскери прокуратурасының  
аға прокуроры  
әділет майоры

### Мақсат - тұрғындардың құқықтық сауаттылығын арттыру

Қостанай облыстық сотының төрағасы Асламбек Мерғалиев заң факультеттерінің студенттерімен және профессор-оқытушылар құрамымен кездесті.

Кездесуді ашқан төраға А.Мерғалиев өткізіліп отырған іс-шараның маңыздылығын атап өтіп, тәуелсіздік жылдарындағы сот жүйесінің өзекті реформалану тұстарына тоқталды. Бұл – мамандандырылған соттардың құрылуы, алқабилер институтының енгізілуі, бұлтартпау шаралары бойынша санкциялаудың соттарға берілуі, бітімгершілік шараларын енгізу, сот этикасының кодексін қабылдау, судья лауазымына кандидаттарды іріктеу тетіктерін көбейту және біліктілік талаптарын қатайту мен заңнамалардағы жаңашылдықтар.

«Заң үстемдігін қамтамасыз етудегі басты тапсырма сапалы әрі объективті сот төрелігін жүзеге асыру, халықтың сот жүйесіне деген сенімін арттыру», - деп атап өтті А.Мерғалиев.

Кездесу барысында сот этикасы жөніндегі комиссияның төрағасы, облыстық сот судьясы Қылышпай Салмұхаметов студенттерге соттың құрылымы, соттылық, жергілікті соттардың мамандандырылуы, судьялардың Президент Жарлығымен тағайындалатындығы туралы айтты. Сондай-ақ, сот этикасы кодексінің рөлі жайлы әңгімелеген судья, сот төрелігін жүзеге асыратын тұлғаға тән қасиеттерге де тоқталды.

Студенттерге сот төрелігін жүзеге асыру барысында медиацияны қолдану, оңайлатылған және бұйрықтық іс жүргізу, сот жұмысына енгізіліп жатқан жаңа ақпараттық технологиялар, әкімшілік мемлекеттік қызметкерлердің негізгі міндеттері, Сот төрелігі академиясының жұмысы жайлы мәліметтер таныстырылды.

Іс-шара соңында, жиналған жүзден астам студент судьяларға сауалдарын қойып, оған толық жауап ала алды.

Болашақ заңгерлер мен судьялар кездесудің соңында «Қазақстанның сот жүйесі: Кеше. Бүгін. Ертең.» атты фильмді бірге тамашалады.

**Қостанай облыстық сотының  
баспасөз қызметі**

## Теміржол бойындағы іс-шаралар

2017 жылғы 10 сәуірде Қостанай станциясындағы ІІЖБ қызмет көрсету учаскесінде «Құқықтық тәртіп» атты өткізіліп жатқан жедел-профилактикалық іс-шарасы шеңберінде жолаушылармен түсіндіру жұмысы жүргізілді.

Бұл іс-шараға Қостанай станциясындағы ІІЖБ қызметкерлері: ӘПБ бастығы полиция майоры Б.Б. Айсенов, КТІЖТ учаскелік полициясының аға инспекторы полиция капитаны Э.Б. Нарбасова, Қостанай көліктік аумағы бойынша құқықтық статистика және арнайы есеп жүргізу саласындағы заңдылықтарды бақылау бойынша аға прокуроры 2-дәрежелі заңгер Н.М. Құрышова, Қостанай көлік прокуратурасының прокуроры А.Т. Ешмұхамбетов қатысты.

Аталған профилактикалық іс-шарасының шеңберінде Мемлекет басшысының қоғамда құқық бұзушылықтарға, бұзақылық пен мәдениетсіздікке «мүлдем төзбеушілік» қағидатын

қалыптастыру бойынша тапсырмасы түсіндірілді.

Қостанай көліктік аумағы бойынша құқықтық статистика және арнайы есеп жүргізу саласындағы заңдылықтарды бақылау бойынша

аға прокуроры 2-дәрежелі заңгер Н.М. Құрышова «әр үйге» «Pravstat.kz» сервис функциясын, сондай-ақ, әкімшілік айыппұлдарды төлеу тәртібін, оның ішінде қысқарту тәртібін түсіндірді.



Қостанай ст.ІІЖБКТЖТучаскелік полициясының аға инспекторы полиция капитаны Э.Б. Нарбасова жолаушыларға ҚР ӘҚБтК-нің 442-бабы 2-бөлігі бойынша әкімшілік жауапкершіліктерін, түнгі сағат 23.00-ден кейін заңды тұлғаларының ілесіп жүруінсіз болуы, темір жол көлігі объектілерінде қауіпсіз ережелерін түсіндірді.

Жолаушыларға профилактикалық сипатындағы брошюралар мен буклеттер үлестірілді.

Жалпы алғанда, вокзалдар мен стансаларда, теміржол бойында мұндай іс-шаралар тұрақты өткізіліп келе жатқандығын айта кеткен жөн. Жақында Қостанай станциясындағы ІІЖБ қызметкерлері (аттары жоғарыда аталып өткен) «Құқықтық тәртіп» атты өткізіліп жатқан жедел-профилактикалық іс-шарасы шеңберінде «Қарағанды-Барановичи» бағытындағы № 317 жолаушылар поезында жолаушыларды қабылдады.

Аталған профилактикалық іс-шарасының шеңберінде мамандар өз бағыттары бойынша жолаушылардың сауалдарына орай бірқатар мәселелер жөнінен түсінік-кеңес берді.

Атап айтқанда, жолаушыларға өз заттарын, әсіресе ұялы телефондарын қараусыз қалдырмау, бағыты бір бейтаныс азаматтарға сенім артпау және келеңсіз жәйттар орын алған жағдайда жолаушылар поездарына ілесіп жүру нарядына уақтылы шағымдану жөнінде кеңес беріліп, жолаушыларға профилактикалық сипатындағы брошюралар мен ұялы телефондарды ұрлау профилактикасы бойынша жаднамалар үлестірілді.

Жолаушылар поезында азаматтарды қабылдау барысында қылмыстар, оқиғалар және әкімшілік құқық бұзушылықтар мен сыбайлас жемқорлық заңнамасын бұзу туралы хабарламалар келіп түскен жоқ.

**Қостанай ст. ІІЖБ МТАТ**

## Мемлекеттік тіл – қызмет тілі

**Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «...Әрине, ең бір қиын кезеңдерде ұлтты қожыратпаудың қуатты қаруы болған қазақ тілі бүгінгі азат өмірімізде де ұлтты тұтастандырудың тетігі болуға тиіс» - деген болатын.**

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Оқу орталығының (Қостанай қаласы) Ішкі істер органдарының қатардағы, кіші және орта басшы құрамының лауазымдарындағы арнайы алғашқы оқыту курсының 1,2, 3, 4, 5, 6 - взвод тағылымдамашылары үшін облыстық Л. Толстой атындағы

кітапхананың қызметкерлері Жанна Бақыткерейқызы Әбітаева мен Гүлнәр Жұматайқызы Татенова «Мемлекеттік тіл – қызмет тілі» тақырыбы бойынша дәріс оқып, әдебиеттер көрмесін өткізді.

Дәріс оқылмас бұрын Оқу орталығы бастығының оқу ісі жөніндегі орынбасары полиция подполковнигі Руслана Бабашқызы Ерденова: «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл – қазақ тілі» деп Қазақстан Республикасы Конституциясының 7-бабында жазылған. Олай болса, Ата заңымызда «Мемлекеттік тіл – қазақ тілі» делінуі біздің алдымызда айқын мақсат, нақты міндет қойып отыр. Қазіргі күні оқу орталығында сөйлеу мәдениетінің

биік шыңы саналатын дәріскерлік шеберлік өткір қарудың біріне айналған. Ал білім ордаларындағы оқытушылар сөйлей білу шеберлігін меңгермей жұмыс істеуі әсте де мүмкін емес. Оқу сабақтары (дәріс, семинар, практикалық сабақтар) оқытушыларды көпшілік алдында сөйлеуге мәжбүр етеді. Еңдеше сабақ түрлеріне қарай алуан-алуан тақырыптарды қозғап, тағылымдамашылардың алдында сөйлеу үшін оларға не айтуды ғана емес, қалай айтуды да білу шарт, яғни сөз сөйлеуде тағылымдамашыға ықпал етудің түрлі ерекшеліктерін, сабақ берудің амал-әдістерін дұрыс меңгергендері жөн. Мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру қызметінде оқу тобы оқытушылар құрамының

қол жеткізген табыстары мол, - деген лебізін білдірді.

Криминалистика және арнайы техника циклының оқытушысы полиция майоры Мереке Шайкеновна: Қазақ халқы сөзде ерекше күшті қасиет бар деп біліп, бүкіл бітім-болмысын, мақсат-мұратын, күнделікті тұрмысын сөз өрнегімен суарған. Көңілінің биік төрінен мықтап орын тепкен тіл өнеріне барынша ынта-ықылас ілтифатымен адал қызмет етіп, сөздің ажарлысы мен реңдісін, үздігі мен үлгілісін, келістісі мен керімдісін, айшықтысы мен нақштысын, төресі мен сересін, үндестігі мен үйлестілігін қамтамасыз ету керек деп таныған. Қызыл тілдің

құдіретін еріксіз мойындап, оны өнер алдыға бағалаған. «Тіл дегеніміз – сөйлеудегі, жазудағы сыпайылық, ізеттілік қана емес, сонымен қатар айқын ойлылық, сөзді дәл айту шеберлігі, сөйлеу өнеріне шыныққандық, сауаттылық» - дейді әйгілі тілші-ғалым Мәулен Балақаев. Мемлекеттік тілдің мәртебесін одан әрі шарықтата беріңіздер деп сөз кезегін қонақтарымызға берді.

**Мереке ҒАЛИЕВА,  
ҚР ІІМ Оқу орталығының  
(Қостанай қаласы)  
Криминалистика негіздері  
және арнайы техника  
циклының оқытушысы  
полиция майоры**

### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ ШЫРАҚБЕК ҚАБЫЛБАЕВ АТЫНДАҒЫ ҚОСТАНАЙ АКАДЕМИЯСЫНАН ХАБАРЛАЙДЫ:

#### Қостанай облысы ІІД мұражайына саяхат

Қазақстан полициясының 25 жылдығы қарсаңында және курсанттардың мәдени және патриоттық сезімін арттыру мақсатында 2017 жылғы 11 сәуірде Күндізгі оқыту факультетінің 310-взвод курсанттарымен Қостанай облысы Ішкі істер департаментінің мұражайына бардық.

Департаменттің жаңартылған мұражайында жаңа экспозициялар пайда болып, стендтерге көптеген материалдар қойылды. Сонымен қатар, мұражайда 80-90 жылдардағы милиция қызметкерлерінің қызметінде қолданылған техникалық жабдықтар – көлік, байланыс құралдары және т.б. қойылған.

Отставкадағы полковник П.Г. Щедрин қызықты және мазмұнды кең көлемді экскурсия өткізді. Ол Қостанай облысы Ішкі істер органдарының құрылу кезеңдері мен қызметкерлерінің алдына қойылған негізгі міндеттерімен таныстырды.

Өзінің шолуында П.Г. Щедрин Қостанай облысы Ішкі істер органдарының қызметтік міндеттерін орындау кезіндегі қаза болған қызметкерлерінің ерліктері туралы айтты.

310-взвод курсанттары экспозициялармен үлкен қызығушылықпен танысты. Өткізген экскурсиясы үшін П.Г. Щедринға үлкен алғыстарын білдіріп, Қостанай облысы ІІД мұражайы өзінің экспозициялары мен қызықты ақпараттарымен қызықтырғандығы туралы айтты.

**Д. ҚАРЫМСақова,  
МҚП кафедрасының оқытушысы  
полиция капитаны**

#### Шығармашылық басқосу мәнді де қызықты өтті



12 сәуір күні «Ғылым күніне» орай ҚР ІІМ Ш. Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының оқу залында бір есте қаларлық шара өткізілді.

Нақтырақ айтқанда, Қостанай облысының «Ақ қауырсын» әдебиет-танымдық жас ақындар клубы мен «Жастар» бірлестігі мүшелері және ҚР Ішкі істер министрлігінің Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының күндізгі оқыту факультетінің 1-курс курсанттарының кездесуі болып өтті. Онда ақындарымыз А. Мауданов, дарынды айтыскер Н. Ақбаба өз өлеңдерін оқып, қызықты әңгіме-дүкен құрысты.

Қостанай қаласындағы студенттердің басын қосатын «Жастар» бірлестігінің құрушысы, «Алау» телеарнасының жүргізушісі Ж. Кенжеғұл атқаратын істері туралы айтты және клуб мүшелігіне өтуге шақырды. Студенттер жастар клубын дамытудың түрлі жолдарын ұсынып, өз ойларын ортаға салды. Қонақтар

курсанттармен бір-бірімен тез тіл табысып, жарасымды кездесудің сәнін арттыра түсті. Кездесуден кейін курсанттар өз ой-пікірімен бөлісті.

Р. Оспанова: Бүгінгі жиын жақсы өтті. Тың идеялар ортада талданып, алдағы жоспарлармен таныстық.

Д. Камасов: Отырыстан көңілді қайттым. Бүгін ұйымның мақсаты айқындалып, жоспарлары анықталды. Талантты жастар бұл жобаның болашағы бар екендерін көрсетті.

Д. Дуамбеков: Жап-жақсы отырыс болды. Алдағы уақытта одан да жақсы болады деген сенімдемін, бастысы ынта-ықыласымыз жоғалмасын.

**А. ҒАЛЫМ,  
106-оқу тобының кураторы  
ҚПЖК оқытушысы  
полиция капитаны**

#### Кіші сержант атақтарын алды

1-курс курсанттары үшін 2017 жылдың 12 сәуірі маңызды күн болды. Көптен күткен алғашқы кіші сержант атағын алуға аттестациялық комиссиясы өткізіліп, аттестацияға қатысқан кіші сержанттар құрамы толығымен өтті.

Аттестацияға Академия бастығының көмекшісі полиция полковнигі К.Айтқұлов қатысты. Сонымен қатар топ кураторлары, кадр бөлімі және психология және педагогика кафедраларының қызметкерлері шақыртылды. Курс басшылығынан 1-курс бастығы полиция подполковнигі Ө. Тажмұханов және 1-курс бастығының орынбасары полиция майоры Т. Баймағанов болды. Аттестациядан өткен әрбір кіші сержантты 1-курс бастығы полиция подполковнигі Ө. Тажмұханов таныстырып, қысқаша мінездеме, жеке ақпараттар берді. Тәрбие мен оқу үлгерімі жағынан топ кураторлары ойларын айтып, ұсыныстарын жасады.

Аттестациялық комиссиядан сәтті өткен 1-курс кіші сержанттарының алдында енді үлкен міндет пен жауапкершілік тұрғаны анық. Кіші сержант атағын алып қана қоймай, олар өздеріне жүктелген міндетті абыройлы да, таза атқаруы тиіс. Қалай дегенімен де кіші сержанттар құрамы барлық курс курсанттарының арасында беделді және үлгі тұтарлық курсант ретінде бір қадам алда болуы керек.

Аттестация соңында 1-курс бастығы полиция подполковнигі кіші сержанттар құрамымен сөйлесіп, оларға алдағы күндерде олардың алдында тұрған міндеттерін жеткізіп, барлығына тапсырма берді.

**Д. ӘДІЛДӘБЕКОВ,  
Академияның 1-курс курсанты**

## Шаралар жоспарға сай атқарылуда

Елбасының «Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы туралы» Жарлығын іске асыру шеңберінде сот жүйесіндегі 2015-2017 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл кешенді жоспары негізінде атқарылып жатқан жұмыстар баршылық.

Атап айтқанда, сот жүйесіндегі жемқорлыққа қарсы іс-қимылосы бағыттағы жұмысқа талдау жасай отырып, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін және жүйелі түрде мониторинг жасау арқылы жоспарды түрде жүзеге асырылуда.

Бұл жоспарда жемқорлықтың алдын алу және онымен күрестің негіздерін, оны азайту және құқықбұзушылықтар салдарын жоюға бағытталған іс-шаралар көзделген болатын. Осы Стратегияны жүзеге асыру мақсатында сот төрелігін жүзеге асыру, сот жүйесі қызметкерлерінің халыққа қызмет көрсету сапасын арттыру, судьялар корпусы және сот жүйесі қызметкерлерінің арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін арттыру, сот төрелігі тәуелсіздігін күшейту, заңнамаларды әрі қарай жетілдіру, сот процесіне қатысушылар арасында жүргізілетін әлеуметтік зерттеулердің жариялылығы мен тиімділігін көтеру, соттарда жемқорлықтың алдын алу бойынша халықаралық ынтымақтастықты жан-жақты тереңдету, жемқорлыққа қарсы іс-қимылдардың тиімділігін көтеру, заманауи ақпараттық технологияларды пайдалану дәрежесін кеңейту, сот жұмысының айқындығын арттыру, бұқаралық ақпарат құралдарымен жұмысты нығайту және басқа да тиімді негізгі басым бағыттар анықталған болатын. Сондықтан сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың құқықтық, ұйымдастыру және де басқа да тетіктерін әзірлеу және енгізу тиімді сот қызметінің қажетті элементі болып табылатыны сөзсіз.

Осыған орай, Қостанай қалалық сотында осы бағыттағы шаралар тұрақты түрде жүзеге асырылуда.

Қостанай қалалық сотының 2017 жылға арналған сыбайлас жемқорлықпен күрес бойынша жұмыс жоспары әзірленіп, жоспарда бекітілген шаралар толықтай қамтылуда.

Алдымен, сот істерін сотта қараудың ашықтығы және айқындығын қамтамасыз етілуіне баса көңіл аударылып отыр. Істерді сот отырысы залдарында дыбыс-бейне жазбасымен қарау мәселесі толықтай шешіліп, бүгінгі күнде Қостанай қалалық сотында сот мәжілісі залдары аудио, бейне жүйелерімен толықтай қамтамасыз етіліп, бұл бағытта жұмыс бір арнаға түсірілген деуге болады. Сонымен қатар судьялар мен сот қызметкерлері тарапынан сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекеттердің алдын алу мақсатында Қостанай облыстық сотының қауіпсіздік қызметі өкілінің қатысуымен жүйелі түрде түрлі кеңес, Ашық есік күндерін өткізу және жемқорлық құқық бұзушылыққа қатысты келіп түскен және қаралған істерді БАҚ-қа үнемі жариялау жұмыстары жоғары деңгейде.

Бүгінгі таңда сот жүйесі қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдар шараларын жүзеге асыра отырып, қоғамның сотқа деген сенімін арттыру, беделді, сапалы қызмет көрсету, судьялар және сот қызметкерлеріне қатысты арандатушылық әрекеттерге жол бермеу, олардың алдын алу бағытында жауапкершілікті күшейтуге баса көңіл аударылып отыр. Сот жүйесінде қала берді, қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы жол бермеу сот беделін көтерудің бірден бір негізі болып табылады. Сондықтан сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізу тек құқық қорғау органдарының ғана емес, әрбір азаматтың, мемлекеттік қызметкердің парызына айналуда тиіс.

**Г. РАШҚАЛИЕВА,  
Қостанай қалалық  
сотының судьясы**

**Бетті жүргізуші Мейраш ЖҮНІСБЕКОВ, e-mail: meyrash@mail.ru**